## Ұлы даланың жеті қыры

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы өз елімізде ғана емес, алыс шет мемлекеттерге де жеткен. Әлемнің көптеген елдерінде Ұлы даланың жеті қыры атты көрмелер ұйымдастырылып насихатталуда, бірқатар елдердің ғалымдары біздің еліміз жайлы ақпараттар жинастыруда. Содан да болар Ұлы дала еліне, оның ұлттық салт-дәстүрі мен өнеріне деген шетелдіктердің қызығушылығы күннен күнге арта түсуде. Туристермен қатар, соңғы жылдары елімізге шетелдік режиссерлер де көптеп келе бастады.**

Сейсенбі күні ирландиялық "Real filts Creland" кинокомпаниясының режиссерлері Гарри Кеан, Эндрю Мак Коннелл және осы азаматтарды бастап келген Назарбаев университетінің мұғалімі Ұлан Биғожин ауданымызда болып қайтты. Мақсат көне тарихи деректер жинап, қазақ халқының мәдениеті, өнері, дүниетанымы, өмір сүру тәсілі жайлы деректі фильм түсірмек.

Қонақтар жазушы Кәмел Жүністегінің үйінде болып, ауданымыздың тарихына қатысты, қазақ халқының аспан әлемі туралы танымы жөнінде тың деректер жазып алды. Жазушы К.Жүністегі ауданымыздағы көне тарихтан сыр шертетін кестелі тастар, тарихи орындар мен аудан аумағында ауданымыздағы табиғаты әсем жерлерді де түсіріп алмақшы.

# ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ - ҰЛТ БОЛМЫСЫ

өмір сүрген атақты би, батырлар, ақындардың мазарлары туралы құнды деректер топтастырылған "Тасқа тұнған құпия" атты кітабын табыс етті. Шетелдік қонақтар сонымен қатар, ауыл іргесіндегі ежелгі Сақ қорғанын, Шортанбай Қанайұлының мәңгілік мекенін барып көріп, таспаға түсіріп алды.

Ирландиялық режиссерлер

Қорыта айтқанда, алыс-жақын шет мемлекеттерден келгендерге Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы біздің өткенімізді, Ұлы дала елімен тереңірек танысуына зор мүмкіндік береді.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**